

Қазақстан тарихы кафедрасы

Слайд - дәрісі

Тақырып: Қазақстан 1941-1945 жж.

Ұлы Отан соғысы дәуірінде.

**Қазақстан соғыстан кейінгі
жылдарда (1946-1953 жж.).**

Пәні: Қазақстан тарихы

Барлық мамандықтардың студенттері үшін

**Автор т.ғ.к., доцент
Сулейменова М.Ж.**

Жоспар:

1. Соғыстың басталуы, оның сипаты. Қазақстан аумағы фашистік Германияның жоспарларында. Өлке экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу;

2. Қазақстандықтар майданда.

Қазақстандықтардың жауынгерлік ерліктері;

3. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.).

Соғыстың бастаулы, оның, сипаты Қазақстан аумағы фашистік Германияның жоспарларында

Түркістан легионын құруды жоспарлады. 1942 жылы құрылған Түркістан легионы құрамында неміс әдебиеттерінде 1 миллион, тарихшы Раух 650 мың адам, ал қазақстандық мамандар 180 мыңнан – 250 мың адам болған деген мәлімет береді. Қазақ зиялысы – Мустафа Шоқай Түркістан легионы құрамындағы әскери құрылымдарды қажет деп таппаған. Сондай-ақ ҚБіздің тарихтың елеулі кезеңдерінің бірі 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы. Соғыстың алдында Розенберг идеясы бойынша, Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Иран, Ауганстан аумақтарын біріктіріп ислам пантүріктік «Гросс Туркестан» немесе «Пантуркестан» мемлекетін құру көзделеді. Бірақ та «Гросс Туркестан» идеясы жүзеге аспады. Оның орнына рейх 26 жаяу батальон, 111 рота және жүк тасушылар колоннасынан тұратын арағанды, Новосибирск және Кузнецк «индустриялық облыстарын» құру жоспарланды.

Фашистер Түркістан легионы құрамындағы бір батальонды 1942 жылы алғаш рет Воронеж майданы маңында Қызыл Армияға қарсы соғысқа қатыстырады. 193 легионер соғыспай Қызыл Армия жағына шығып кетеді, ал батальон басшысы Бақыт Байжановты фашистер тұтқындайды. Өйткені, легион құрамына әскери тұтқындардың басым бөлігі фашистік концлагерьлерден шығу мақсатымен ғана кірген. Олардың көбі жергілікті партизандармен байланысып, фашистерге қарсы партизан қозғалысы құрамында соғысады. Майданға түскен жағдайда Қызыл Армия жағына өткен.

Соғысушы армия қатарына соғыс жылдары 1 млн 200 мың қазақстандық сапқа тұрды. Қазақстан территориясына 1,5 млн адам жер аударылды. Оның құрамында репрессияға ұшыраған халық жігі және жер аударған: поляктар, немістер, корейцтер, чечендер, ингуштар және басқалар болды.

Соғыс жылдарында Қазақстан әскери бөлімдер мен бөлімшелерден құралған қатты әскери лагерге айналды. 12 атқыштар, қатты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы 50 дей жеке полктері мен батальондар жасақталды. Олардың ішінен үш атты дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы қазақтың ұлттық бөлімшелері болып құрылды. Республика адам күштерімен тек қазақстандық құрамалар мен бөлімшелердің ғана емес, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жеодегі басқа да құрамалар мен бөлімдерді толықтарап отырды. Қарулы күштер мен еңбек армиясының қатарына барлығы 1,8 млн. қазақстандықтар қатысты. Республика майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автомашина, 1,5 мың трактор, 110,4 мың жылқы және 16,2 мың арба жіберді





**«Қазақстан жеріндегі әскери бөлімдер
мен бөлімшілердің құрулуы»**

Қазақстан офицер кадрларын және армия мен флот үшін резерв даярлау ісіне лайықты үлес қосты. 1941-1945 жж. әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандықтар жіберілді, республика жерінде тұрған 27 әскери оқу орны 16 мыңдай офицер даярлап шығарды. Соғыстың алғашқы күндерінде бүкіл Қазақстаннан, Қызыл Армияның қатарына өз еріктерімен баратындықтары туралы қалалық және аудандық әскери комиссариаттарға мыңдаған арыздар түсіп жатты. Соғыстың бастапқы үш айының ішінде 238, 310, 314, 387 және 391- атқыштар дивизиялары құрылды. 1941 жылдың аяғыны дейін мұнда тағы бір дивизия, үш бригада жасақталды

Соғыс жылдарында Қазақстан майдан арсеналына айналды. Еуропа территориялары Кеңес Одағы үшін маңызды бөлігін жойғандығынан, Қазақстан ауылшаруашылығында ауыр өнеркәсіп өнімін өндіруде маңызды рөл атқарды. Экономиканы әскери тәртіпке бейімделу басталды. Материалдық және адам ресурстарын қайта бөлу шаралары жүргізілді.

Майдан шебінен көшіп келген кәсіпорындарды орналастыруға республикада 2300 мың шаршы метр өндіріс аудандары босатылды. Кәсіпорыдармен бірге келген адамдарды Қазақстан еңбекшілері жақын бауырындай қабалдап, қамқорлық көрсетіп, тұрғын уймен, басқа да қажет нәрселермен қамтамасыз етті. Республика өнеркәсібінде 1945 ж. 255 мың жұмысшыға дейін жетті. Олар соғыс жылдарындағы қысылтаян кездің қиындықтарын және отырып, еңбекте жаппай ерлік көрсетті. Қазақстанды майданның сенімді тірегіне, елдің ең негізгі әскери-өнеркәсіп ошағына айналдарды. Мұның өзі жалпы одақтық экономиканың, өндірістің бар саласында да, сол сияқты жаңадан құрылған саласында да, оның үлесін арттыруды талап етті.



«Соғыс жылдарындағы Қазақстанның өндіріс кәсіптері»

Толық мөлшерде өндірістің шикізат базасы іске қосылды. Қарағанды көмір бассейні, Текелді полиметалды және Ақтау молибден-вольфрам комбинаты, Жезқазған марганец және хромдық кені жемісті жұмыс істеді. Майдан күзетінде Балхаш металлургия және Жезқазған мыс қорытушылар, Шымкенттің қорғасын өндірушілері тұрды. Соғыс жылдарында Қазақстанның басты қалаларында орналасқан өндірістер қысқартылды. Қысқартылғандармен қоса 1941-1945 жылдары 465 өнеркәсіп салынды. Қазақстан одақтық көлемнің 85% қорғасын, 70% жартылай металды руда, 65% висмут металын, 50% қорғасын рудасын, 30% қара қорғасын, 20% вольфрам, 60% молибденін өндірді. Қарағанды шахтерлері соғыс алдында 34 млн т көмір өндірді және мұнайдың өндірілуін 39% -ке өсірді. Мұнай кәсіпшілігінің қуаты артты. Қошқар, Комсомольск, Жолдыбай мұнайшылығы іске қосылды. Соғыстың соңғы үш жылында Қазақстан 2472,2 мың тонна сапалы мұнай өндірді. Темір жолдың ұзындығы 8400 шақырымға дейін жетті. Руда мен мұнай өнімдерін тасымалдау 4 есе, көмір мен қара металды тасымалдау екі есе артты.

Қазақстанның колхозшы шаруалары соғыстың жеңіспен аяқталуына көмекті үлес қосты. Майданға ересек адамдарды мобилизациялау ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің қатарын қысқартты. Село еңбеккерлеріне көмекке қала тұрғындары кельді. Республиканың колхоз-совхоздарында жыл сайын 300 мыңға жуық қала халқы еңбек етті. Соғыс аяғына қарай көптеген колхозда жұмыс істеп жүргендердің 86% әйелдер құрды. Қиындықтарды жеңу арқылы ауыл еңбеккерлері соғыс жылдары майданға 30,8 млн. пұт нан, 15,8 мың центнер ет, 14,4 мың картошка мен көкөністер, 176 мың центнер жүн берді. Бұл соғыс алдындағы 5 жылдағы өсімінен жоғары болды.

Жалпы соғыс кезінде Қазақстанның ауыл-село еңбеккерлері өздерінің патриоттық және еңбек парыздарын айтарлықтай өтеді. 1941-1945 жж. олар майдан мен елге 5829 мың тонна астық, 734 мың тонна ет және басқа да азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат берді.

Республика еңбекшілері өздерінің жеке жинағынан майдан қорына 4,7 млрд. сом ақша берді. Сонымен қатар олар майдангерлерге 2,5 млн. жылы киім, 1600 вагон кен және ұжымдық азық-түліктер жіберді. Майданға ерікті көмек ретінде халықтың патриоттық үлестерінен колониялар және «Қазақстан колхозы», «Қарағанды Шахтер», «Қазақстан металлургі», «Қазақстан пионері», «Қазақстан комсомолы» атты авиаэскадрильялар құрылды. Қазақстандықтардың майдан қажетіне ерікті үлесі 480 млн. сомды құрды.

Республика еңбекшілері Ленинградты (қазіргі Санкт-Петербург) қорғаушыларға 400 вагон сыйлық жөнелтіп, жаудан тазартылған аудандардан көмегін аяған жоқ. Орел облысын қамқорлыққа алып, оларға 200 вагоннан аса жабдық, ауыл шаруашылығы машиналарың, азық-түлік, тұрмыстық заттар және 100 мың бас мал жөнелтті. Осындай көмек Украина мен Белоруссияға, Солтүстік Қавказға және Ленинград, Курск, Калинин облыстарына көрсетілді.

Сөйтіп, Қазақстан соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ Қенестер Одағы арсеналдарының біріне айналды, оның экономикалық тіректерінің бірі болды.

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының майданында

2. Соғыс басталысымен-ақ қазақстандықтар майданда нағыз патриоттықты көрсетті. Данқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мындаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ.Жуматов, К.Иманқұлов, Е.Качалов, т.б. жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті.

Қазақстан аумағында жасақталған әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен ерлікпен шайқасты. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтар үлкен құрметке ие болды. Волоколамск тас жолын қорғауда Алматыда жабдықталған 316-атқыштар дивизиясы генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен теңдесі жоқ ерлік танытты. Қысқа уақыт ішінде дивизия жауынгерлері жаудың танк, моторлы және екі жаяу әскер дивизияларын талқандады. Панфиловшы ага лейтенант Б.Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б.Момышұлы полковник лауазымымен жүріп аяқтады. Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1990 жылы еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1941 ж. бірінші болып Кеңес Одағының Батыры атағын алған генерал-майор К.А.Семенченко еді. И.В.Панфилов дивизиясы құрамында жаумен шайқасқан М.Ғабдуллин 1943 ж. Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Мәскеу түбіндегі шайқастарда Т.Тоқтаров, Р.Жанғозин, Р.Елебаев және т.б. қазақстандықтар асқан ерлік танытты.



**Кузьма
Александрович
Семенченко**

**Бауыржан Момыш-
улы**





**«Қазақстандықтар
Ұлы Отан
соғысының
майданында»**



«Барбаросса» жоспары жүзеге аспағаннан кейін 1942 жылы Германия Кеңестер Одағын басып алу мақсатында жаңа жоспар қабылдады. Бұл жоспар бойынша фашистер негізгі күшін Сталинград пен Кавказды басып алуға бағыттады. 1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған эуе шайқасында қарагандылық үшқыш Н.Әбдіров өзінің оқ тиіп өртенген ұпияғып жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты. Н.Әбдіров, минометші К. Сыпатаев пен Р.Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін 1944 ж. Ұлы Отан соғысы батыры атағына ие болды. Сталинградта қаланы жаудан қорғауда ерлік танытқан қазақстандықтар құрметіне “Казахстанская” аталған көше бар. Бірнеше айға созылған Сталинград шайқасы 1943 жылдың басында жаудың жеңілуімен аяқталды. Сталинград шайқасы барысында Кеңес Армиясы екінші дүниежүзілік соғыстағы түбегейлі бетбұрысқа шешуші үлес қосты.

5- шілдеде басталған Курск шайқасы шілденің аяғында кеңестер әскерінің жеңісімен аяқталды. Курск иіні мен Днепр шайқастарына көптеген қазақстандық әскери құрылымдар қатысты. Тек Курск иініндегі шайқастағы ерлігі үшін 123 қазақстандық Ұлы Отан соғысы Батыры атағына ие болды. Ұшқыштар: Т.Я.Бигелдинов 1944 және 1954 жж, С.Д.Луганский 1943 және 1944 жж, Л.И.Беда, И.Павлов екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді



**Әлия Нұрмухамбетқызы
Молдағұлова**



Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметова

Қолдарына қару алып, майданға аттанған қазақ жұлдыздары — Әлия мен Мәншүк Қазақстан даңқын әлемге паш етті. Оларға 1944 ж. Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Авиация саласын меңгерген қазақ қызы — Х.Доспанова Кеңес Одағының батыры М.Раскова басқарған әйелдер авиациясының құрамында авиация штурманы болып 300-ден астам мәрте әуеге көтерілді. 2004- жылы Президенттің жарлығымен Х.Д. Доспановаға Халық Қаһарманы атағы берілді. Сафарбекова Жауһария Насырқызы Ленинград майданында қалалық радиостанция бастығы болып, Ленинград майданында аса ерлігімен көзге түскен. 1942 жылы Қазақстанда құрылған 34-жеке әйелдер ротасының 300-ге тарта арулары Курск иініндегі шайқасқа қатысып, бірнеше марапаттарға ие болды.

Қазақстандықтар жау тылындағы партизан қозғалысына да белсене қатысты. 1941 жылы жау басып алған аумақтарда жау армияларының бөлімшелерімен күресу үшін партизан отрядтарын құру көзделді. Осы жылдың 18 шілдесінде БКП (б) ОК «Германия әскерінің тылында күрес ұйымдастыру» туралы қаулы қабылдап, партизан қозғалысын ұйымдастырды. 1941 жылдың жазынан бастап жау тылындажабдықтала бастаған партизан ұйымдары құрамындағы жауынгерлер саны 1943 жылдың соңында 1 миллионға жетті. 1942 жылдың мамырында Қызыл Армия мен партизан қозғалысының ұштасуын қадағалайтын Орталық, кейінірек республикалық және облыстық партизан қозғалысы штабтары құрылды.

Енді партизан қозғалысы қатарында жаумен шайқасқан қазақстандықтар құрамына тоқталайық. Украина аумағындағы партизан бірлестіктерінде 1500 қазақстандық жаумен шайқасты. Атап айтсақ, М.И. Шукаевтың партизан отряды құрамында 79 қазақ, Ұлы Отан соғысының Батыры С.А.Ковпактың партизан отрядында 70 қазақстандық болды. Ленинград облысы аумағындағы партизан бірліктері құрамында 220, ал Белоруссия аумағында 1,5 мыңға тарта қазақстандықтар жаумен шайқасты. Қазақстандық партизандар жаумен шайқаста үлкен ерлік танытты.

Мысалы, 1941 жылы Киев облысы, Македон селосында жасырын партизан орталығы құрылады. Бұл орталыққа соғысқа дейінгі жылдары Павлодар облысында оқытушы қызметін атқарған Қасым Қайсенов коммунистік жолдамамен жіберіледі. 1942 жылы Қ.Қайсенов Чапаев атындағы партизан отрядтарының командирі сайланып, Украина аумағында жаумен шайқаста үлкен ерліктер көрсетті. Қ.Қайсеновпен қатар Украина аумағында Қараганды облысынан Д.И.Сагаев, Талдықорған облысынан П.С.Шленский, Қызылордадан — Байдаулетов, Шымкент облысынан — Ж.Омаров, алматылық - А.С.Егоров және т.б. қазақстандықтар әртүрлі партизан құрылымдары қатарында шайқасты. Отанын қорғаудағы асқан ерлігі үшін Қ.Қайсеновке «Халық Қаһарманы» атағы берілді.



Қасым Қайсенов

Украина аумағында жаумен шайқаста үлкен ерліктер көрсетті. Қ.Қайсеновпен қатар Украина аумағында Қараганды облысынан Д.И.Сагаев, Талдықорған облысынан П.С.Шленский, Қызылордадан — Байдаулетов, Шымкент облысынан — Ж.Омаров, алматылық - А.С.Егоров және т.б. қазақстандықтар әртүрлі партизан құрылымдары қатарында шайқасты. Отанын қорғаудағы асқан ерлігі үшін Қ.Қайсеновке «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Белоруссия аумағын жаудан азат етуге де қазақстандық партизандар үлкен үлес қосты. Тек 1941 жылы Брест облысындағы Старосельск орманында 9 қазақстандық партизан жаумен шайқасты. Белоруссия аумағында ерлікпен шайқасқан отандас партизандар: Ф.Озмитель, Е.Омаров, Н.Қайсеитова, Н.Салықов, Х.Исмағұлов, Н.Сыдыкова, М.Стрельников, И.А.Булаев, И.Данияров, И.А.Ерещенко, К.Темірханов, Е.Балабеков, Т.Жұмабаева және т.б.

Смоленск облысында құрылған партизан бірлестіктерінің құрамы 45 ұлт өкілінен тұрды. Соның ішінде 2-Кляжнск партизан бригадасында 19, С.Лазоатындағы партизан полкінде 40, ерекше партизан бірлестігі «Тринадцать» құрамында 48 қазақстандық болды. Смоленск облысында қазақстандық партизандар А.Шарипов, Ж.Агадилов, И.Өтебаев, М.Мұқанов, А.Төлегенов, Қ.Ахметов және т.б ерлікпен көзге түсті. Жаумен шайқаста көрсеткен ерліктері үшін қазақстандық партизандар эртүрлі мемлекеттік марапаттарды иеленді. А.С.Егоров пен Ф.Ф.Озмительге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1944 жылы Германияның жеңілетіні белгілі болғаннан кейін, ендігі жерде соғыс қимылдарын Кеңес Одағы бақылауға алды. Осы жылы Кеңес үкіметі «Берлин» операциясын бастайды. Бұл операцияның мақсаты — неміс фашистерін Кеңестер Одағы аумағынан қуып, Еуропа мемлекеттерін жаудан азат ету болды.

«Достық көмек» идеологиясын жамылған Кеңестер Одағы болашақта азат еткен мемлекеттер саясатына араласуды, тіпті кейбір мемлекеттерді өз бақылауында ұстауды көздеді. Өйткені басты жауы - Германияны жеңгеннен кейін, Кеңестер Одағы әлемдік билікке талпынып, социалистік мемлекеттер жүйесін құруды жоспарлады.

Шығыс Еуропаны жаудан азат етуде қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетті. Шығыс Пруссия аумағын азат етуде көрсеткен ерліктері үшін 20 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар - В.А.Андреев, Л.И.Беда, П.Т.Брилин, Т.К.Абилов, В.Г.Козенков, И.И.Корнев, И.В.Кутурга және т.б. Словакия аумағын жаудан азат етуге 4-Украина майданы құрамында қазақстандық 8- атқыштар дивизиясы қатысты. Майданда көрсеткен ерліктері үшін 8- атқыштар дивизиясының құрамындағы 62- артиллериялық Карпат полкі Қызыл Ту орденімен, 151- Карпат полкі 3- дәрежелі Кутузов орденімен, 310- атқыштар полкі 3- дәрежелі Суворов орденімен марапатталды. 72- және 73- гвардиялық атқыштар дивизиялары Венгрия, Оңтүстік Чехия, Австрия аумақтарын жаудан азат етуге қатысты. Австрия астанасын жаудан азат етуде алматылық МА.Пупков Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Сонымен қатар Австрияны азат етуші 105- гвардиялық дивизия жауынгерлері: А.Мудрагель, Г.Сливных, Ж.Аминов қаһармандықтарымен көзге түсті.

Прага операциясына 118, 88, 314, 8-атқыштар, 72- гвардиялық атқыштар дивизиясы қатысып, бұл операцияда 992-алматылық авиация полкі асқан ерлік көрсетті.

Бұл полкекінші дәрежелі мәрте марапатталды.

992- полк 7642 рет жауға шабуыл жасап,

816 бомба тастап, 3 ұшақты, 19 зенитті

батареяны, 1000 автомашина, 2 көпірді және т.б. жойды. Прага операциясы

барысында 52 - армия құрамындағы алматылық 556 - эскадрилия ерлікпен

көзге түсті. Бұл эскадрилия түтқиылдан 4050 шабуыл жасап, 2350 мәрте жау

аумагын бомбалаған. Құрамындағы 14 адамның 10-ы үкімет тарапынан

марапатталады. Чехословакия жерін азат етуге келген қазақстандық

ұшқыштар 2, 8, 5- эуе армиясының

жаумен шайқасты.

Шайқастардағы

ерлігі үшін С.А.Батеньков пен

П.Ф.Железняков соғыстан кейін

Кеңес О

ағының Батыры атағына

ие болады.





Рейхстагтағы Совет Үкіметінің Қызыл Туы

Берлин операциясына қазақстандық 118, 313 - атқыштар дивизиялары және 209 - атқыштар полкі қатысты. Берлин ратушасын алуда 118 - атқыштар дивизиясының взвод лейтенанты К.Маденов, ал коше шайқастарында И.Б.Мадин. Лейтенант Р.Қошқарбаев қатардағы жаунгер Г,Булатовпен бірге Рейхстаг қабырғасына қызыл жалау тікті, сонымен ерлік танытты. Айтпенбет Нақыпов Одерден Петерсфельд қаласына дейін танкпен келеді. Соғыстан кейін Нақыповтың танкі қала алаңына ескерткіш ретінде қойылды. Берлин операциясында 27 қазақстандық ерліктерімен көзге түсіп, Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді.

Қорыта келе, Ұлы Отан соғысына тартылған қазақстандықтар санына тоқталайық. Соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрды. Соғыс жылдары қолына қару алып, майданға 1 млн. 200 мың адам аттанды. Ерліктері үшін 497 қазақстандықтарға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың 99 қазақ. Бұндай атақты 2 рет ұшқыш-штурмовиктер Т.Е. Бегельдинов, М.И. Беда, И.Ф. Павлов және ұшқыш-истребитель С.Д. Луганский алды. Пулеметші М.Ж. Мәметова және Ә. Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры және 110 қазақстандық Даңқ орденінің үш дәрежесіне ие болды. 410 мыңға жуық қазақстандық соғыстан оралмады.

Сталиндік тәртіп 1916 жылғы патша үкіметінің тәжірибесін пайдаланып, арнайы құрылыс батальондарын да құрды. Бұл батальондар Орта Азия және Қазақстанның жергілікті халқынан және қуғын-сүргінге түскен халықтардан жасақталды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Олар соғыс шебіне жақын аудандарда оқ астында қорғаныс объектілерінде еңбек етті. Осылайша әрбір төртінші қазақстандық қорғаныс және майдан объектілеріне тартылған. Республиканың мобилизациялық деңгейі тіпті Германиядан да жоғары болды, Германия халқының 12% мобилизацияланса, Қазақстанда халықтың 24% мобилизацияланған. Мобилизацияланған халықтың 50—60% қазақ ұлтынан еді. Қорғаныс, көмір, ауыр өнеркәсіп жұмысшылары соғысқа тартылудан босатылса, Қазақстан тұрғындары түгелімен дерлік армияға шақырылды. Өйткені Қазақстанда шаруалар басым болды.

Бейбіт құрылысқа қайта оралу

3. Кеңес Одағы соғыстан экономикалық жағынан әбден әлсіреп шықты. 32 мың өнеркәсіп орны, сондай-ақ 100 мың ауыл шаруашылық өнеркәсіп орындары үлкен шығынға батты, олардың біраз бөлігі толығымен жойылды. Қазақстандағы тек қана әскери тапсырыстар орындаған көптеген зауыттар жаңа жағдайда бейбіт өнімдер шығаруға көшті. Дегенмен соғыстың зардабы Қазақстанға ауыр тиді. Мысалы: зауыттарда, фабрикаларда және ауыл шаруашылығында жұмыс күші жетіспеді. Бұл жағдай бірнеше себептерге байланысты еді. Соғыс кезінде Қазақстанға қоныс аударған мамандардың көпшілігі туған жерлеріне қайтты. Көптеген Қазақстандықтар майданда қаза тапты және соғыстан оралмады. 1930-1934 жылдардағы шаруалардың зорлап ұжымдастыру кезіндегі жаппай қоныс аударуы, сондай-ақ республиканың ауыл шаруашылық аудандарының жартысына жуығының қырылуына алып келген аштық салдарлары айқын сезілді.



Зауыт және фабрика жұмысшыларының мамандану дәрежесі, жалпы алғанда, жоғары болмады. Жетіспейтін жұмыс күшінің орнын толтыру үшін республикада жер-жерлерден еңбек ресурстары мектептері мен училищелері құрыла бастады. Жұмыс күшінің орны Кеңес Армиясы қатарынан демобилизацияланған әскерлер, сондай ақ фашистік тұтқыннан оралған репатрианттар есебінен толығып отырды. Қолданылған ісшаралар нәтижесінде егін алқабының деқаншылары мен еңбекшілерінің қатары толықты. 1946 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып Жумабай Шаяхметов тағайындалды. Кеңес Одағының басқа республикалары сияқты Қазақстан да фашистік оккупациядан зардап шеккен аудандарға қолдан келген көмекті аямады. Республикада тұтастай азық-түлік керуендері жасақталды.

Тек 1945 жылдың өзінде Украинаға 500 трактор және басқа да ауыл шаруашылық машина, 140 паровоз, бірнеше жүздеген ауыл шаруашылық мамандары жіберілді. Фашистік оккупациядан зардап шеккен аудандарға жарты миллионнан астам ірі қара мал, жылқы, қой жеңілдетілген бағамен сатылды. Сондай-ақ тегін көмек көрсетілді. Қазақстан колхоздары неміс оккупациясынан азат етілген аудандарға көмек ретінде 17,5 мың ірі қара мал, 22 мыңдай жылқы және 350 мың қой жіберді. Кеңес өкімет өз кезегінде Қазақстанның халық шаруашылығын және мәдениетін дамытуға ерекше назар аударды. КСРО экономикасы біртіндеп бейбіт калыпқа түсе бастады. Бұрын әскери өнім шығарып келген өнеркәсіп орындары күнделікті тұтыну заттарын шығаруға қайта бейімделді.

Экономиканы бейбітшілік жағдайға бейімдеп қайта құру еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді. 1946 жылы 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдыққа арналған жоспар бойынша соғыстан бүлінген аудандарды қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетіп, одан едәуір асып түсу міндеті белгіленді. Сонымен бірге онда Қазақстан экономикасының өрге бастауға үлкен мән берілді. 1947 жылы желтоқсанда карточкалық жүйе мен республика еңбекшілерін азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен мөлшерлі қамтамасыз ету жойылды. Осы жылы ақша реформасы жүргізілді. Азық-түліктің негізгі түрлерінен мен ұннан істелінетін тағамдарға, етке, өнеркәсіп тауарларына деген баға төмендетілді. Кооперативтік сауданың дамуы нәтижесінде базардағы баға да төмендеді. Тұтастай алғанда, төртінші бесжылдық жылдарында баға үш рет төмендетілді. Сомның сатып алу қабілетінің нығауымен қатар еңбекшілердің еңбекақысын арттыру жүргізілді.

Соғыстан кейінгі жылдарда Ақтөбе ферросплав зауыты әрғарай өнім шығара бастады. Жаңа рудниктер мен байыту фабрикалары салынды. Балқаш, Қарсақпай мыс қорыту зауыттары күшейді. Мұнай кәсіпшілігінің қуаты артты.

Соғыстан кейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы артелінің жарғысын бұзушыларға қарсы күрес күшейді. 1946-1947 жылдары қолхоздарға қарыздар болып келген мекемелер мен ұйымдардан 214 млн.сом ақша, 540 мың гектар жер қайтарылды.

Осы жылдарда ұсақ колхоздарды ірілендіру шаралары іске асырылып,


республикада соғысқа дейінгі 6400 колхоздан 1950 жылғы қаңтарда 3670 колхоз қалды, олардың жалпы саны 2 есеге жуық қысқарды.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Төртінші бесжылдықтың аяғына қарай Қазақстан шаруашылықтарында 50683 трактор, 16 мыңнаң астам комбайн, ондаған мың автомашина, шөп шабатын және басқа машиналар істеді. Бұлардың басым көпшілігі ескі, моральдық жағынан да тожып, ескірген техника болатын. Ауыл-селода механизаторлар қатары өсіп, МТС қызметкерлерінің жыл сайынғы орташа саны 10 мың адамға көбейді.



Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, майданда қаза тапқандардың отбастарына әлеуметтік көмек көрсетілді. Жасы жеткендерге, асыраушысынан айырылғандарға, уақытша еңбек қабілетінен айырылғандарға зейнетақы тағайындалды. Көп балалы, жалғызбасты аналар талай жәрдем алды. Санаторийлер мен демалыс үйлеріне, пионер лагерьлеріне жеңілдік шарттарымен жолдамалар берілді. Бұл жылдары ақы төленетін қосымша демалыстық беру қалпына келтірілді. Мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі қаржылары есебінен халыққа арналған тұрғын үй құрылысының саны көбейді.

Алайда, өкінішке қарай, жоғарыда келтірілген кеңес адамдарын «әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейінің» үлгілері, олардың өмірлік сұраныстарын қанағаттандыру көбінесе жасанды сипатта болды. Мысалы, карточкалық жүйенің жойылуы алдында бөлшек саудаға реформа жүргізіліп, оның жалпы деңгейі 1940 жылмен салыстырғанда үш еседей жоғары болып шықты. Жұмысшылар мен қызметшілердің ай сайынғы еңбекақысы бір жарым есе ғана көбейіп, 1950 жылы 64 сомды құрады, бұл сатып алушылық қабілеттің төмендеуіне әкеп соқты. Ерікті-мәжбүрлі түрде мемлекеттік займдарға жазылуға еңбекшілердің бір айлық жалақысы кетіп, олар артық еш нәрсе сатып ала алмады. Сол уақытта кең қолданылған бағаны төмендету насихат саясаты әуелден негізсіз болып, халықтың көпшілігі тұратын ауылдар мен деревнялардың тұрмыс жағдайың нашарлату есебінен жүргізілді.



1946 жылы қуаншылық болып, астық шықпай, халық азық-түлік тапшылығының зардабын шекті. Колхоз, совхоз, МТС-тардағы техника ескірген, еңбек өнімділігі төмен еді. Колхозшыларға еңбек күнге өнім бөлінбеді. 1946 жылы КСРО-ның көптеген аудандарында аштықтың басталған фактісі белгілі. Нан, ет өнімдері, сүт жетіспеді. Адамдар аштықтан өле бастады. Бірақ бұл елден мұқият жасырылды. 50-жылдардың басында колхозшылар жұмысшы мен қызметшілердің жалақысынан төрт есе аз алды. Үкімет жүргізген ауылдан азық-түлік өнімдерін өте төменгі бағаларға сатып алу саясаты ауыл еңбекшілерінің тұрмыс жағдайларының көтерілуіне қолайлы жағдай жасай алмады. Сайып келгенде, өнеркәсіпті қалпына келтіру, оны жаңа деңгейге көтеру ауыл-селоны қанау есебінен іске асты.

Соғыстан кейінгі экономикалық саясаттың басты қағидасы - ауыр өнеркәсіптің біржақты жылдамдатылған дамуы болып қала берді. Материалдық мұқтаждықтарды қанағаттандыру соғыстан бұрынғы жылдардағыдай екінші кезекке ығыстырылды. Бұл коммунизм секілді игі мақсатқа жету үшін төзімнің қажеттігі жөніндегі насихаттық ұранмен ақталды.

20-жылдардың ортасынан орнаған қатаң әміршіл-әкімшілік жүйе 40-50-жылдары әрекет ете берді. Саяси жүйеге адам еркіндігін басып-жаныштау, оның құқықтарын жоққа шығару, еңбек адамдарын өндіріс құрал-жабдықтарынан жатсындыру сияқты қолайсыз құбылыстар тән болды. Жетекші күш - Коммунистік партия болып, оның басшылығымен өмір сүріп отырған жүйенің барлық басқа буындарының (Кеңес мемлекетінің, кәсіподақтардың, комсомол, кооперативтер мен басқа да қоғамдық ұйымдардың) жұмысы үйлестірілді. Мемлекеттік органдардың құзырындағы мәселелерді шеше отырып, Коммунистік партия халық шаруашылық және әлеуметтік-мәдени, қоғамдық ұйымдардың міндеттерін орындауды өз қолына жинақтап, оларды дербес әрекет етуден айырды.

Республикада И. В. Сталиннің жеке басына табынушылық жағдай қалыптасты. Қандай да бір қол жеткізілген табыстар оның кемеңгерлік басшылық жасай біліумен байланыстырылып, өрескел кемшіліктер мен сәтсіздіктер жөнінде сөз болмады. Осының бәрі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуына қолайсыз ықпал етіп, ауыр зардаптарға ұрындырды. Аты шулы ұрандарды саяси мақсаттарға пайдаланумен заңдылықтың бұзылуы, өкімет билігін асыра пайдалану жалғаса берді. Өмір сүріп отырған саяси жүйе өзінің дербес дамуына қабілетсіз екендігін көрсетті. Кеңес қоғамын дамытудың соғыстан кейінгі жоспарлары сталиндік антидемократиялық, социализмнің тоталитарлық үлгісімен үйлесіп кетті. Майдан мен тылда, соғыстың барлық ауыртпалығы мен қиыншылығын көтерген халық соғысқа дейінгі кезеңдегі халықтан басқаша еді. Қоғамдық өмірдің бейбіт жағдайының орнығуына байланысты құндылықтарды қайта бағалау орын алды.



Замандастардың санасында әлеуметтік бағдарламаларға бет бұрудың қажет екендігін түсіну айқын біліне бастады. Алайда қоғамдық сананың барлық деңгейінде сезіле бастаған қоғамдық жаңарудың кешенді бағдарламаларына өтуге тұрақты әлеуметтік-саяси құрылым бөгет жасады. Сонымен бірге өте ауыр соғыстағы жеңіс соғыстан кейінгі кезеңде басшылықтың қолданыстағы саяси жүйенің тиімділігіне деген сенім қалыптастырды, ал көпшілік басшылар басқарудың әкімшілік әдістерінің өзін-өзі ақтайтындығына сенімді болды. Сталинизм идеологиясы 40-жылдар мен 50-жылдардың басында өзінің шырқау шегіне жетті. 1939 жылы болған БК(б)П XVIII съезінің құжаттарында жазылған социализм құрылысын аяқтаудың соңына қарай ел коммунистік қоғам құруға өтеді деген тезисті Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, теориялық жағынан талқылау жалғаса берді. 1946 жылғы наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында бұл тезис партияның жетемгілікке алатын тұжырымдамасы ретінде жарияланды. Соғыстан кейінгі онжылдық - КСРО-дағы 1920-1940 жылдардағы өмір шындығына қасад көзқарастың жалғасы еді.

20-жылдардың соңы - 30-жылдардың басында басталған қуғын-сүргін соғыстан кейінгі кезеңде де жалғастырылып, ол көптеген бұрынғы әскери тұтқындарды - Кеңес Армиясының солдаттары мен офицерлерін қамтыды. Көптеген «әшкерелеудің» ішінде «ленинградтық іс», «дәрігерлер ісі» т.с.с. істер болды. Өнеркәсіптегі жұмысшылардың төменгі мамандық деңгейіне байланысты болған кез келген апаттар мен ақаулар «халық жауларының» әрекеттері ретінде түсіндірілді. Халықтарды күштеп қоныс аудару - біздің елдің өткен тарихының қайғылы беттерінің бірі. 40-жылдардағы депортацияға байланысты оқиғалар жөнінде ұзақ уақыт бойы еш нәрсе айтылмады. Тұтастай халықтарды қоныс аудару «операциялары» әр түрлі негізде жүргізіліп, жапа жабу, басқалардың әрекеттері үшін адамдарды тобымен жауапкершілікке тарту т.б. әдістер қолданылды. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комиссариаты III басқармасының 1946 жылғы қазан айындағы мәліметтері бойынша Қазақстанға 2463940 адам күштеп жер аударылған. Жүз мыңдаған отбасы мүшелері бір-бірінен көз жазып қалды, олардың кейбіреуі бала-шағасынан мәңгілікке айрылды. Отанының кешегі корғаушылары - солдаттар да жер аударылып, олар өз отбасыларынан біржола немесе ұзақ уақытқа қол үзді. Осындай ауыр күндерде республиканы мекендеген әр түрлі ұлттардың өкілдері өздерінің үздік адамгершілік және интернационалдың қасиеттерін көрсете алды. Олар жазықсыз жапа шегушілерді жылы қабылдап, мейірімділік танытты, олармен соңғы нандарына дейін бөлісті. Қоныс аударғандар да борышта қалмай, бірден еңбекке араласып, Қазақстанға үлкен көмек көрсетті.

1940-1950 жылдары да ұлт саясатын қудалау ісі жалғасты. М.Әуезов, Ғ.Мусрепов, С.Мұқанов «Қазіргі тақырыпка пьеса жазбайтындар» ретінде саналды. Ө. Тәжбаевтың «Біз қазақпыз» атты шығармасы ескі хандар мен бай-шонжарлар өмірін мақтау, марапаттау деп сынға алынды. Белгілі



Мұхтар Омарханұлы Әуезов **Сәбит Мұқанұлы Мұқанов**
композитор А.Жұбанов «феодалдық- байшылық дәстүрлерді асыра дәріптегені» үшін катаң сынға ұшырады. Әсіресе 1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулысы жарияланған соң ұлтшылдықты айыптау кеңінен қанат жаяды. Қазан төңкерісінен бұрынғы жазылған ұлттық сипаттағы шығармаларды зерттеуші ғалымдар қуғындалды.

Орталық Комитет 1948 жылы тамыз айында «Қазақ совет әдебиетінің; жағдайы және оны одан әрі дамыту туралы» шешім қабылдады. Нәтижесінде Б. Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, М.Ысмайлов, М.Әуезов, Қ. Жумағалиев, Ө.Марғұлан секілді талантты зерттеушілер ұлтшылдар қатарына жатқызылды. Әдебиетші ғалымдардың бір тобы «Кенесарыны дәріптеушілер»ретінде де айыпталды. 1947 жылы жарияланған «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» атты монографиялық зерттеудің авторы, талантты тарихшы ғалым Е.Бекмаханов жазықсыз қудаланып, 25 жылға сотталады. Оның көзқарасын жақтап, ғылымға адалдық танытқан тарихшылар да қудаланды. Қазақстандық ғалымдардың жазықсыз жазалануына араша болуға ұмтылған президенті республиканың Ғылым академиясының тұңғыш Қ.Сәтбаев қызметінен босатылып, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болады.



Бекмаханов Ермухан Бекмаханович

Тек қана 1956 жылы КОКП-ның XX съезінде сталиндік жеке басқа табынушылық әшкереленіп, айыпталғаннан кейін жазықсыз тұлғаларды қудалау саясаты тоқтатылды. Солай дегенмен де еркін ойлайтын, демократиялық тәртіпті жақтағандар әдеттегідей түрмелерге жабылды. Сталиншілдіктің ауыр қылмыстарының бірі - Қазақстан аумағында түзеу мекемелерінің тутас жүйесін. - Степлаг, Карлаг (Қараганды лагері), АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) лагерьлерін салуы болды. Бұл лагерьлерде жазықсыз айыпталған мыңдаған адамдар өз мерзімін өтеді. Олардың қатарында М. Тухачевскийдің анасы мен қарындасы, Гамарниктің отбасы мүшелері, Т. Рысқұловтың әйелі мен қызы, Т. Жүргеновтің, С. Қожановтың әйелдері т. б. болды.

Соғыстан кейінгі қоғамда пісіп-жетілген өзгерістердің қажеттігін түсіну әкімшілік жүйесінің бірқатар идеологиялық және қуғындау сипатындағы шаралармен шебер басылып тасталды. Алайда 40-жылдардың ортасы мен 50-жылдардың басында рухани жағдай түншықтырылғанымен, біржолата күйреген жоқ. Сталиннің өлімінен (1953 жылғы 5 наурыз) кейінгі алғашқы жылдардың өзінде қоғамда мүмкін болатын өзгерістердің сипаты жөніндегі мәселеге екі бағыт, екі көзқарас қалыптаса бастады. 1953- 1954 жылдары өзіне қоғамның көпшілік бөлігінің назарын аударған социалистік қоғамдағы карамақайшылықтардың сипаты, тарихтағы жеке адам мен халық бұқарасының рөлі, теория мен практиканың арақатынасы, басшылықтың ұжымдылығы т. б. сияқты кекейкесті проблемалар жөнінде пікірталастар басталды.

Жүріп өткен жолға сын көзбен қарау, қоғамды толқытқан сұрақтардың шешімін қарастыруда КОКП ОК-нің қыркүйек Пленумы (1953) жауап берді. Денсаулығының құрт нашарлауының нәтижесінде 1953 жылы I наурызда И. В. Сталиннің миына қан қиылды. Мәскеуде «көсемді» жерлеу кезінде көптеген адамдар халық нөпірінің астында қалып қаза тапты. Кейбір адамдар, әсіресе қуғын-сүргінге ұшырағандар «көсем» өліміне қайғыра қойған жоқ. Қоғамдық өмірдің демократиялануы жолындағы маңызды кезең жазалаушы органдардың басшыларының бірі, КСРО Ішкі істер халқомы (министрі), КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, КОКП ОК Президиумының мүшесі Лаврентий Берияның қылмыстық қызметшің жолын кесу болды. 1953 жылы шілдеде КОКП ОК Пленумы Сталиннің жақын серіктерінің бірі, саяси арандатушы және қаскүнем ретінде ОК құрамынан және КОКП-ның қатарынан шығарды II. П. Бериямен бірге негізінен мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері болған оның көмекшілері тұтқындалып, соңынан атылды. И. В. Сталиннің өлімі және II. П. Берияның биліктен тайдырылуымен КСРО-да өмір сүрген қатаң тәртіптің қара түнек кезеңі аяқталды.



Сол кезде айтылгандай марксизм-

ленинизм рухына жат жеке басқа
идеологиясын іс-

Пленумынан кейін жарияланған

Одағы Коммунистік

күжатында маңызды міндет болып

Одан әрі демократиялық

жолға бастады. Алайда И. Сталинның

күрған өміршіл-әкімшіл жүйенің толық
білдірген жок. Мындаған сотталғандар

Сталиннің өзі сияқты адам құқықтарының
қайраткерлер (В. Молотов, К. Ворошилов,

қызметтерді атқара берді. 1950 жылдың басында КСРО-
дағы түрмелерде 5,5 млн-дай
тұтқындар болды. И. Сталин қайтыс болғаннан кейін
партиялық билікке талас
басталды. Н. С. Хрущевқа көшті.

табынушылық

тәжірибеден түп тамырымен жою ОК

«Кеңестер

партиясына елу жыл» (1903- 1953)

танылды.

қайта құру үрдісі неғұрлым белсенді

өлімі ол

талқандалуын қамтамасыз етті дегенді

бұрынғыша лагерьлерде қалып қойды,

бұзылуына қатысы бар көптеген саяси

Ж. Каганович т. б.) жоғарғы мемлекеттік

қызметтерді атқара берді. 1950 жылдың басында КСРО-

дағы түрмелерде 5,5 млн-дай

тұтқындар болды. И. Сталин қайтыс болғаннан кейін

партиялық билікке талас

басталды. Н. С. Хрущевқа көшті.

Ұсынылған әдебиеттер

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т.4. – Алматы: «Атамұра», 2010. 768 с.
2. Казахстан в годы Великой Отечественной войны. Сб. док.- Алма-Ата, 1977.
3. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Оқулық, 2-ші басылым. – Алматы, 2009. – 463 бет.

Сөз тапсырмалары

1. Соғыс жылдардағы Қазақстанның орны мен ролін анықтау
2. Соғыстан кейін жылдардағы Қазақстанның дамуының кейбірлерінің ерекшеліктерін анықтау